

КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ергеш Гулдана Нұралықызы

guldana050198@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультетінің магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- А.М. Бакирбекова

Жаһандану мен халықаралық бәсекелестіктің күшеюі жағдайында экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету, құрылымдық қайта құру және осы негізде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізі инновациялық даму жолына көшу болып табылады.

Қазақстан экономикасының дамуындағы басым бағыттардың бірі ғылыми және жоғары технологиялық өндірісті құру болып табылады. Еліміздің қазіргі кездегі технологиялық даму деңгейі, көп жағдайда шикізаттық бағыттылығымен және өндірістің негізінен ескірген техникалық негізде жүргізілуімен, өндірістік құрылымы дамыған және жекелеген дамушы елдердің деңгейінен артта қалуымен анықталады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, қазіргі таңда дамыған елдердің барлығы дамудың сервистік-технологиялық бағытына өткен, ал шикізаттық бағыттағы өндіріспен даму жағынан артта қалған және дамушы елдер айналысады. Сондықтан, экономикалық дамудың қалыптасқан шикізаттық бағытынан бас тартып, тиімді экономикалық өсуді қамтамасыз ететін дамудың “индустриялық-инновациялық” сатысына көшуіміз қажет.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, еліміздегі кәсіпорындардың басты міндеті ғылымның дамуын, жаңалықтардың қозғалысы, озық өндірістік технологияларды әзірлеу және енгізуге ынталандыруға шақыратын инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру болып табылады. Инновациялық даму стратегиясы кәсіпорынның бәсекеге қабілетін арттыруға, өндіріс тиімділігін жоғарылатуға әсер етеді.

Кәсіпорынның қызмет тиімділігін арттыруда инновациялық даму стратегиясы келесі сипатта қалыптасады:

-жаңа өнімдерді, технологияларды және қызметтерді алуға бағытталған ұйымның инновациялық қызметі;

-ҒЗТҚЖ, өндіріс, маркетинг және басқаруда жаңа әдістерді қолдану (өнім сапасын басқарудың жаңа жүйелерін құру, енгізу, реинжиниринг, жаңа маркетингтік және логистикалық жүйелер және т. б.);

-жаңа ұйымдық құрылымдарға көшу;


-дәстүрлі ресурстарды пайдаланудың жаңа түрлері мен жаңа тәсілдерін қолдану.

Инновациялық процестерді одан әрі дамыту және бәсекеге қабілетті инновациялық стратегияны әзірлеуге мемлекет тарапынан қолдаудың маңызы зор. Елімізде инновациялық белсенділікті жоғарылату қажеттілігін ескере отырып, мемлекет тарапынан Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылған. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны қабылдау және жүзеге асыру нәтижесінде инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштер жоғарылауы байқалды. Сонымен қатар, шаруашылық субъектілердің инновацияны енгізу деңгейінің жоғарылауына әкелді [1].

2020 жылдан бастап индустриялық-инновациялық дамудың 3-ші бағдарламасын іске асыру басталады. Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауына сәйкес осы Тұжырымдама "цифрлық дәуір" өнеркәсібінің қалыптасуын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – ИИДМБ 2020 – 2025) әзірлеудің

идеологиялық негізін, қағидаттары мен тәсілдерін қалыптастырады. 2020 - 2025 жылдарға арналған ИИДМБ мақсаты - ішкі және сыртқы нарықтарда Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті өңдеу өнеркәсібін қалыптастыру [2].

ҚР бойынша инновациялық қызметті сипаттайтын деректерді қарастырайық (сурет 2).




Сурет 1 - ҚР кәсіпорындарының инновациялық белсенділік көрсеткіштері

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша Қазақстанда инновациялық белсенділіктің оң үрдісі байқалады, яғни инновациялық белсенділік деңгейі 9,3-тен 10,6 %-ға артқан. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында инновациялық кәсіпорындардың ашылуымен байланысты. Қазақстанда 2016-2018 жылдар аралығында инновациясы бар кәсіпорындар санының өсуі байқалады. 2017 жылы инновациялық сипаттағы кәсіпорындар 2974-ке, ал 2018 жылы бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 356 – ға артқан [3].

Жалпы алғанда, еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық қызметті жүзеге асырудағы көрсеткіштері әлем елдерімен салыстырғанда төмен деңгейде болып табылады. Статистикалық деректер бойынша инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындардың үлес салмағы, яғни инновациялық белсенділік деңгейі, Германияда 80 %-дан жоғары, АҚШ, Швеция, Франция шамамен -50, Түркияда - 33, Венгрияда - 47, Эстонияда - 36, Ресейде 10%-дан жоғары. Нарықтық экономика жағдайында алдыңғы қатарлы елдер өнеркәсібінің 70%-на жуығы нарықтағы үлестерін арттыру мақсатында жаңы өнімдер шығарумен байланысты инновацияларды жүзеге асырады. Бұл елдерде ҒЗТКЖ-ді құрайтын шығындар инвестициялардың 30%-на жуығы болып табылады.

Әлем елдерінің инновациялық даму деңгейін бағалайтын неғұрлым толық, кешенді көрсеткіш инновациялардың жаһандық индексі болып табылады (The Global Innovation Index). Зерттеу 2007 жылдан бастап INSEAD Халықаралық бизнес-мектебінің, Корнель университетінің (Cornell University) және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (World Intellectual Property Organization, WIPO) бірлескен жобасы аясында жүргізіледі және қазіргі уақытта әлемнің әртүрлі елдері бойынша инновациялық даму көрсеткіштерінің барынша толық кешенін ұсынады. Бұл әрбір елдегі инновацияларды жүргізу үшін қолда бар ресурстар мен жағдайларды, инновацияларды жүзеге асырудың қол жеткізілген тәжірибелік нәтижелерін көрсетеді. Жаһандық инновациялық индекс бойынша алдыңғы орындарда Швейцария (67,2), Швеция (63,7), АҚШ (61,7), Нидерланды (61,4), Ұлыбритания(61,3), Финляндия (59,8), Дания (58,4) сияқты елдер жатады. (сурет 2) .

2019 жылы жарияланған инновация индексі бойынша әлем елдерінің рейтингінде Қазақстан 79 орынға ие, яғни бұл индекс 31,0 баллды құрайды. Бұл басқа елдермен салыстырғанда төмен көрсеткіш болып табылады [4].



Сурет 2 Жаһандық инновация индексіндегі Қазақстан және әлемнің жекелеген елдерінің рейтингі, 2019 ж.

Инновациялық көрсеткіштердің төмен деңгейі қазақстандық кәсіпорындардың негізінен "иммитация" стратегиясын таңдап алуымен байланысты, бұл олардың инновациялық бейімсіздігін көрсетеді. "Имитация" стратегиясы шетелдік технологияларды имитациялауды, өнімдерді көшіруді және олардың жаппай өндірісін көздейді. Сондықтан еліміздегі кәсіпорындардың қызметін инновациялық даму жолына бағыттау, инновациялар мен инновациялық технологияларды ендіру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстандағы инновациялық қызметтің көрсеткіштерін талдай отырып, еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық қызметінің дамуына қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін төмендегідей мәселелерді атап көрсете аламыз:

- инновациялық өнімге сұраныстың төмен деңгейі;
- мемлекеттік және жеке секторлар тарапынан инновациялық жобаларға инвестициялаудың төмен деңгейі;
- білікті кадрлардың жетіспеушілігі.
- кәсіпорынның инновациялық дамуының бәсекеге қабілетті бағыттарын таңдау кезінде салалық инновациялық нарықтың зерттелу дәрежесінің жеткіліксіздігі;
- инновациялардың өмірлік циклдерін болжау әдістерінің жеткіліксіз әзірленуі.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жоғары технологиялық инновацияларды дамыту және өндіріске енгізуге ықпал ететін инновациялық даму стратегиясы арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпорын қызметінің тиімділігіне қол жеткізу үшін инновациялық қызмет жүйелік сипатта болуы және инновациялық стратегиялар көмегімен іске асырылуы тиіс.

Кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясы кәсіпорынның негізгі мақсаттарын, қызметінің бағыттарын және инновацияларды енгізу жолдарын айқындап қана қоймай, нарықтық экономика жағдайында сыртқы орта факторларының өзгерісіне икемді болады.

Еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық қызметінің көрсеткіштерін жоғарылатуда, ең алдымен, қалыптасқан "иммитация" стратегиясынан бас тартып, «көшбасшылық» стратегиясын таңдауымыз қажет. Себебі, нарықта бәсекелестікке төтеп беру үшін жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсына білу керек.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін жоғарылатуда инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекелесуге, жаңа тұтынушыларды тартуға және қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Қарқынды өзгертін нарықтың қазіргі жағдайында ұйымдардың өмір сүруі тұрақты инновациялық даму идеясының қағидаттарына негізделген жүйені құрған кезде ғана мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты www.stat.gov.kz
4. Рейтинг развития инноваций в странах мира [Электрондық ресурс].- <https://gtmarket.ru/ratings/global-innovation-index>